



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 жылға Қазақстан Республикасындағы
инвестициялық қызмет туралы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі-Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Қарашова Аида Жапарқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Шауенова Әсель Сауқымбекқызы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан Қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

S.2 Өзектілік- кіріспе

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау ұйымдастырылды.

Айлық және жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде, қаражыландыру көздері және технологиялық құрылым бойынша, сонымен қатар экономикалық қызмет түрлері бойынша) инвестиция статистикасымен негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер қалыптастырылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 296 бұйрығымен бекітілген «Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемеге» сәйкес алғашқы статистикалық деректер негізінде негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы ақпарат қалыптастырылады.

Инвестиция статистикасының негізгі көрсеткіштері:

Ұлттық шоттар жүйесінің тұжырымдамасы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар – негізгі капиталға материалдық және материалдық емес салымдар;

Негізгі капиталға салынған материалдық инвестициялар – тұрғын ғимараттарға, басқа ғимараттарға, имараттарға,

машиналар және жабдықтарға, егу биологиялық ресурстарға шығындар;

Негізгі капиталға салынған материалдық емес инвестициялар – ақшалай бағасы бар, бір жылдан көп шаруашылық қызметте пайдаланылатын айыру қабілеті бар және пайда әкелетін, бірақ материалдық-заттай құндылығы жоқ ұйымдар сатып алған немесе жасаған объектілерге шығындар;

Негізгі қорлар – өндіріс үдерісінде бір жылдан артық бірнеше рет немесе тоқтаусыз пайдаланылатын туынды активтер;

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі инвестициялық салымдардың динамикасындағы өзгерісін сипаттайды, есептік және салыстырмалы кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемдерінің салыстырмалы бағадағы қатынасымен анықталады.

Ақпараттың негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар білім мекемелері, бизнес құрылымы және де бірқатар басқа да пайдаланушылар болып табылады.

Пайдаланушылармен кері байланыс ресми сұраулар, электрондық пошта, телефон байланысы, «Telegram» мессенджері арқылы жүзеге асырылады. Бұдан басқа, жыл сайын Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, оларда жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың көрсеткіштерін олардың өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік көздер нысандарының көрсеткіштерімен қосарланудың болуы тұрғысынан бағалау жүргізіледі.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

04.07.2022

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

04.07.2022

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

04.07.2022

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Негізгі капиталға салынған инвестициялар - шығындардың түрлері бойынша, пайдалану бағыттары бойынша,

қаржыландыру көздері бойынша, ұйымдар мен кәсіпорындардың меншік нысандары мен өлшемділігі бойынша.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Мынадай статистикалық классификаторлар пайдаланылады:

- 1)ӨАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2)ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3)МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4)КМЖ - Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші;
- 5)ҰҚНЖ - Шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының жіктеуіші;
- 6)ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

(Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған).

S.4.3 Секторлық қамту

Жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан инвестициялық қызметті (инвестициялық қызмет өндіріс процесінде быр жылдан аса немесе тоқтаусыз бірнеше рет пайдаланылатын негізгі қорларды сатып алумен анықталады) жүзеге асыратын барлық шаруашылық субъектілері. Шаруашылық субъектілердің экономикалық қызмет түрі 4 белгі деңгейінде Еуропалық экономикалық қоғамдастығының Экономикалық қызмет түрлерінің статистикалық жіктеуішінің (NACE Rev.2) соңғы нұсқасы негізі ретінде алынған Экономикалық қызмет түрінің номенклатурасы негізінде жіктеледі.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

- 1.Байқау әдісі - жаппай;
- 2.Респонденттер тобы - жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, инвестициялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері. Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірге (қоса алғанда) дейін;
- 3.Деректерді жинау құралдарды - «Инвестициялық қызмет туралы есеп» (коды 161112108, индексі 1-инвест, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың

статистикалық нысаны. Статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Респонденттерге» бөлімінде қол жетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, инвестициялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері статистикалық объект болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау жаппай әдіспен жүзеге асырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар).

S.4.8 Қамту уақыты

2001 жылдан 2021 жылға дейінгі деректер.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылмен салыстырғанда.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы (бұдан әрі – Заң).

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі.

3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы бұйрығымен бекітілген 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну ережесі.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми

статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік беріледі.

2.2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері, мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болу шартында Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген сәйкестендірілмеген түрде дерекқорларды ғылыми мақсаттарда беру және пайдалану қағидалары.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистикакомитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген электрондық түрдегі ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру және тарату әдістемесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Заңның 26-бабының 1-тармағы, 2-тармағы. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық

статистика бюросының, Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының (МО ИРБП) сайтында орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу www.gov.kz / Министрліктер /БНС / статистикалық қызметті жоспарлау / график. (<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=ru>)

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Деректер Бюроның www.stat.gov.kz ресми сайтында және taldau.stat.gov.kz

«Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесінде орналастырылған.

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жылына бір рет баспасөз-хабарламасы жарияланады. 2022 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы қысқаша деректерді қамтитын "2021 жылғы Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы" тақырыбында баспасөз хабарламасы жарияланған.

S.11.2 Жарияланымдар

1)Жыл сайын Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет туралы" статистикалық бюллетень жарияланады. Статистикалық бюллетеньде негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі мен нақты көлем индексі экономикалық қаражат көздері бөлінісінде қызмет түрлері бойынша көрсетілген. Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) Инвестиция бөлімінде жарияланады.

2)Жыл сайын Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі" туралы статистикалық жинақ жарияланады. Жинақта шаруашылық субъектілерінің инвестициялық қызметі туралы, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі туралы, инвестицияны қалыптастыру қаражат көздері, республика және өңірлер бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың құрылымы мен динамикасы бойынша ақпарат ұсынылған. Ресми статистикалық ақпарат Жинақтар, тоқсандық басылымдар, электронды кестелер, талдау/Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» АТЖ Бюроның ресми сайтында мына сілтеме бойынша орналасқан: басты / Талдау Ақпараттық-талдау жүйесі "Инвестиция және құрылыс статистикасы" бөлімінде.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмады.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 296 бұйрығымен бекітілген «Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме». Бюроның www.stat.gov.kz сайтында Әдіснама/Инвестиция және құрылыс статистикасы бөлімінде және www.adilet.kz. сайтында орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген сапа саласындағы саясат.
2. Сапа бойынша есеп.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистикакомитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты өндіру процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистикакомитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Инвестиция статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

-ӨҚК 497 бабына сәйкес бастапқа статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік тіркелді. Дәйексіз деректерді ұсынғаны үшін – ескерту, Статистика органдарына деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау айыппұл салуға әкеп соғады;

-бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау;

- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық);
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді.

S.13.2 Сапаны бағалау

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараттың негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар (ТМД Статистика Комитеті, БҰҰ статистикалық бөлімі, БҰҰ ЕЭК, Евразиялық экономика комиссиясы), білім мекемелері, бизнес құрылымы және де бірқатар басқа да пайдаланушылар болып табылады.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросымен ресми сайттағы «Пайдаланушылар сауалнамасы» арқылы жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі, бұл ескертулер мен ұсыныстарды енгізу мүмкіндігімен жалпы статистика органдарының қызметі мен құралдарына пайдаланушылардың қанағаттануын анықтау мақсатында жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік


Дәлдік пен сенімділікті талдау вариация коэффициентінің көмегімен Қазақстан Республикасындағы инвестиция соңғы бес жылдағы көлеміне есептелген. Вариация коэффициенті-кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының оның математикалық күтуіне қатынасына тең статистикада қолданылатын шама. Ол әр түрлі арифметикалық орталармен бірнеше агрегаттарда бірдей белгінің өзгергіштігін салыстыру үшін қолданылады. Вариация коэффициенті мына формула бойынша есептеледі: $CV = (\sigma/k) * 100\%$, мұндағы σ -кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы; k -кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада бұл:

- егер вариация коэффициенті 10% - дан аз болса, онда деректердің дисперсия дәрежесі шамалы болып саналады;

- егер 10% - дан 20% - ға дейін-орташа;
 - 20% - дан көп немесе 33% - ға тең-елеулі.
- Егер вариация коэффициентінің мәні 33% - дан аспаса, онда жиынтық біртекті болып саналады, ал егер 33% - дан көп болса, онда-біртекті емес.

Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, млрд.теңге



Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі динамикалық қатардың вариациясының коэффициенті-15,1% құрады, бұл деректердің біркелкілігін көрсетеді.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Тексеру жаппай әдіспен жүргізіледі.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Соңғы нәтижелер бюллетенде жыл сайын 4 шілдеде жарияланады. Жылдық деректерді ай сайынғы негізде жариялауға дейін жедел деректер қалыптастырылады. Статистикалық жұмыс жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде шығарылым күні бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыстар жоспарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылы жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ (сайтта 2022 жылғы 4 шілдеде жарияланған).

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Негізгі капиталға слынған инвестициялардың динамикалық қатары 2000 жылдан бастап салыстырмалы және үзіліссіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Инвестициялық қызмет көрсеткіштерін қалыптастыру саласында Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ), Еуропалық қауымдастықтың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік Банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесінің принциптерін ескере отырып әзірленген, "Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемеге" сәйкес.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме Бюроның барлық құрылымдық бөлімшелермен келісілген.

S.19 Жүктеме

Жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді жинақтау әдеттегі қателерді енгізу мүмкіндігін болдырмайтын респондент үшін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылау қарастырылған Онлайн режимде жүзеге асырылады. Ақпаратты өңдеу жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, шығыс және кіріс ақпаратты бақылау көзделген.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Нысанды соңғы қайта қарау 2019 жылы болды, статистикалық нысан Бюроның интернет-ресурсында орналастырылды (www.stat.gov.kz) респонденттерге арналған бөлімде – 2021 жылға арналған Статистикалық нысандар-жылдық Нысандар. 2021 жылы ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы статистикалық ақпарат "Инвестициялық қызмет туралы есеп" 1-инвест нысаны бойынша статистикалық байқауға сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асыратын респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқауларының бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде статистикалық 1-инвест "Инвестициялық қызмет туралы есеп" статистикалық нысанын толтыру арқылы жүзеге асырылады. Электрондық түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Бастапқы статистикалық деректер тиісті тәртіппен ресімделген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде құрастырылады. Бастапқы есепке алу деректер мен статистикалық байқауларда көрсетілген деректер арасындағы негізсіз айырмашылықтарға жол берілмейді. Бұдан басқа, бағдарламалық кешенде форматты-логикалық бақылау салынған.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация жедел деректерді қалыптастыру кезінде қолданылады.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу барысында жүзеге асырылады

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын камтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.